

«Құншуақ» бөбекжай-бақшасы АҚЖК
Менгерушісі Құрманғалиев Ж.Д.



*Ақтөбе облысының білім басқармасының Мұғалжар ауданы білім бөлімінің
«Құншуақ» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
2020-2025 жылдарға арналған
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ*

1.Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	Ақтөбе облысының білім басқармасының Мұғалжар ауданы білім бөлімінің «Күншуаю» бөбекжай - бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ
Әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
Бағдарламаның мақсаты	Заманауи педагогикалық технологияларды енгізу арқылы мектепке дейінгі оқу-тәрбие сапасын көтеру,педагогтарды жанашы лдыққа баулу, шығармашылықтарын арттыру.
Міндеттері	-Мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбие сапасын жана инновациялық технологияларды енгізу арқылы көтеру жолдарын қарастыру; -Мектепке дейінгі ұйымда педагог кәсібінің беделін арттыру; -Білім үрдісіндегі ақпараттық құралдардың тиімділігін арттыру;
Жүзеге асыру мерзімі	2020-2025жылдар
Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> • Бала үшін: <ul style="list-style-type: none"> -тұлғалық бейнесін –дене, эмоционалдык, әлеуметтік, ақыл-ойын қалыптастыру; -шығармашылық қиялын, әлеуметін дамыту; түрлі шығармашылық тәсілдермен өз сезімдерін, ойын айта білу іскерлігін қалыптастыру; -дербестік өз күшіне сенімді жеке тұлға қалыптастыру; * Педагогтар үшін: <ul style="list-style-type: none"> -баланың тұлғалық дамуына және оның жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, басты құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық үрдістің жанашылдығы мен тұтастығын қамтамасыз ету; -әрбір педагогтың жеке педагогикалық стилінің қалыптасқандығы ; -кәсіптік құзіреттілігінің артуы; * Ата-аналар үшін : <ul style="list-style-type: none"> -ата-аналар инновациялық үлгідегі заманауи МДҰ моделін жасау мен дамуына белсене қатысуы; -ата-аналар МДҰ-ның балаларды оқыту мен тәрбиелеу қызметіне қолдау жасау;

2.Кіріспе

Қоғамымыздағы саяси және экономикалық өзгерістер мен қоғам өміріндегі барлық саланы түбегейлі өзгертті, әсіресе білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы болып табылар мектепке дейінгі білім мен тәрбие беруге әсерін тигізді. Қазақстан Республикасының білім берудің 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру саласындағы жаңартудың негізгі басым бағыттары анықталған : білім беру жүйесін жоғарғы біліктілік кадрлар мен қамтамасыз ету, білім және кәсіби дағдылар – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бағыттары, кадрларды қайта даярлау және қайта даярлаудың негізгі бағыттары.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңартуда жаңа инновациялық дамытудың негізгі күші ретінде мектепке дейінгі білім мазмұнындағы жүйелі өзгерістерді қолдауға, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие берудің жаңаша әдістеріне көшуге, мектепке дейінгі тәрбие берудің сапалы болуына және балаларды оқытуға толық қамтуға, мектепке дайындау үшін мектепке дейінгі тәрбие беру және оқытудың түрлі бағдарламаларына балалардың тең дәрежеде қол жеткізуіне бағытталған мемлекеттің өзі болады.

Мектепке дейінгі білімнің инновациялық дамуын қамтамасыз ету мақсатында ұлттық деңгейде 2016 жылы 13 мамырда мектепке дейінгі тәрбие беру және оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарты жаңартылды; 2016жылдың 12 тамызында №499 бұйрығымен «мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасы» әзірленеді.

Білім – бұл адамды және жеке тұлға ретінде қалыптастырумен тығыз байланысты сала. Бұл саладағы негізгі фигура әр кезде педагог болады. Педагог- әдіс-тәсілдердің барлығын меңгерген құзіретті маман, кәсіби өзін-өзі жетілдіруге қабілетті және жаналыққа ұмтылатын әлеуметтік жағынан өскен, шығармашылық тұлға. Білім беру процесінің жаңарту және ұйымдастыру оқытудағы білімді тәсілдемемен құзіретті тәсілдемеге ауысу жағдайында педагог заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру, өз қызметінің өнімділігін бағалай білу, оқу бағдарламаларын және дидактикалық қамтамасыз етуді әзірлеу, баланы тұлға ретінде оқыту және дамытудың тұтас процесін жүзеге асыру қажет.

3. Ағымдағы жағдайды талдау.

Мектепке дейінгі балалық шақ әрбір адамның өміріндегі берілген кезең.

Ересектердің міндеті – әрбір бүлдіршін үшін оның қабілеттерін қажетті жағдайлар жасау, оның өмірін қызықты және маңызды ету, құрдастары ересектер мен қарым-қатынас жасауға үйрету, білім берудің оңтайлы бағдарға белгілеу. Әрбір балаға және отбасына қолдау және өз уақытында жеке, ауқымды қолжетімді көмек көрсетуге қабілетті мамандарды біріктіретін ұстанымдық жағына және үлгідегі МДҰ құру заманауи қоғамның дәйекті қажеттілігіне айналып келеді.

Мұндай тәсілдің өзектілігі көптеген отбасылар балаларды сапалы оқыту мен тәрбиелеу мұқтаж болып отырған жағдайлар да арта түседі.

Бағдарламаның стратегиялық мақсаты: баланың психологиялық – денелік жағынан салауатты, күзиретті, қатынас-бейнесытық және шығармашылық дағдыларды меңгерген, қоршаған дүниеде бара-бар өмір сүруге қабілетті, сергек және еркін ойлай білетін және тұнғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- Жасы кіші балаларды тәрбиелеу мен оқыту үдерісін сапалық ресурстық қамтамасыз ету;
- МДҰ дамуының тетіктерін жасау және олармен қамтамасыз ету;
- МДҰ-ң Дүниежүзілік Стандарттары мен уақыт талаптарына сәйкес келетін дамытушы заттық кеңестік және білім беру ортасын қалыптастыру;
- МДҰ қызметінің инновациялық мазмұнын әзірлеу және енгізу;
- МДҰ-да білім беру үрдісін жаңғырту;
- Білім беру үрдісіне қатысушылардың бәріне субъект – субъектілік өзара әрекет ұстанымдарын енгізу;
- Балаларды сапалы тәрбиелеу және оқыту мақсатында мемлекеттік билік, ҒӨБ әлеумет өкілдерімен әлеуметтік әріптестікті дамыту;
- Өңірдің білім беру кеңесінен лайықты орны иелену;
- Ауданда, облыста жоғары рейтингке қол жеткізу.

Педагог кадрлар құрамының жалпы саны- 36 адам, оның ішінде, меңгеруші -1, әдіскер – 1, тәрбиеші-28, психолог-1, қазақ тілі маманы – 1, орыс тілі маманы -1, музыка жетекшісі-2, дене шынықтыру нұсқаушысы -1 жұмыс істейді. Балалардың жалпы саны -320. Олар 14 топқа бөлінген.

Балабақша әлемдік INTERNET кеңістігіне шыға алады. Балабақшаның электрондық почтасы: kunshuak_sad@mail.ru

Балабақшада оқу үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру жүйесі жұмыс істейді. Білім беру сапасын бағалау жүйесі білім беру сапасының мақсаты, міндеттері мен принциптерін анықтауға бағытталған.

Сондықтан балабақшада ерекше назар аударуды және тиісті шараларды қабылдауды талап ететін проблемалар бар:

- Педагогтардың біліктілік санаттарын көтеру;
- Педагог кадрлардың шығармашылық жұмыстарын жандандыру;
- Ата-аналарға арналған психологиялық-педагогикалық ағарту жұмысын жандандыру;
- Балабақша жұмысының рейтингін аудан, облыс, республика көлемінде көтеру;

4. Бағдарламаны іске асырудың мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және нәтижелерінің көрсеткіштері.

Мақсаты: Мектепке дейінгі сапалы тәрбие мен оқытуға тең қолжеткізуді қамтамасыз ету. Балалардың өмірінің қауіпсіздігін сақтау

Міндеттері:

- Мектепке дейінгі ұйымдардың педагог кадрларының сапалық құрамын жақсарту және педагогикасы мен беделін арттыру;
- Балаларды мектепке сапалы дайындауға бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңғырту;
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту менеджментін және даму мониторингін жетілдіру;
- Мектепке дейінгі ұйымның материалдық базасын нығайту.
- Қазіргі таңдағы пандемияға қарсы психологиялық – физиологиялық сақтану

4.1. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

Мектепке дейінгі ұйымда педагог кадрлардың сапалық құрамын жақсарту және педагог кәсібінің беделін арттыру.

2021 жыл

р/с	Нәтижелер көрсеткіші	саны
1	Педагогтердің жалпы саны	36
2	Педагогтердің жалпы санынан жоғары санаты бар педагогтер	-
3	Педагогтердің жалпы санынан бірінші санаты бар	3

	педагогтер	
4	Педагогтердің жалпы санынан екінші санаты бар педагогтар	14
5	Педагогтердің жалпы санынан педагог модератор санаты бар педагогтар	2
6	Педагогтердің жалпы санынан педагог сарапшы санаты бар педагогтар	2
7	Педагогтердің жалпы санынан педагог зерттеуші санаты бар педагогтар	1
8	Педагогтердің жалпы санынан санаты жоқ педагогтер саны	14

2022жыл

р/с	Нәтижелер көрсеткіші	саны
1	Педагогтердің жалпы саны	
2	Педагогтердің жалпы санынан жоғары санаты бар педагогтер	
3	Педагогтердің жалпы санынан бірінші санаты бар педагогтер	
4	Педагогтердің жалпы санынан екінші санаты бар педагогтар	
5	Педагогтердің жалпы санынан педагог модератор санаты бар педагогтар	
6	Педагогтердің жалпы санынан педагог сарапшы санаты бар педагогтар	
7	Педагогтердің жалпы санынан педагог зерттеуші санаты бар педагогтар	
8	Педагогтердің жалпы санынан санаты жоқ педагогтер саны	

2023жыл

р/с	Нәтижелер көрсеткіші	саны
1	Педагогтердің жалпы саны	
2	Педагогтердің жалпы санынан жоғары санаты бар педагогтер	
3	Педагогтердің жалпы санынан бірінші санаты бар педагогтер	
4	Педагогтердің жалпы санын екінші санаты бар педагогтар	
5	Педагогтердің жалпы санынан педагог модератор санаты бар педагогтар	
6	Педагогтердің жалпы санынан педагог сарапшы санаты бар педагогтар	
7	Педагогтердің жалпы санынан педагог зерттеуші санаты бар педагогтар	
8	Педагогтердің жалпы санынан санаты жоқ педагогтер саны	

2024жыл

р/с	Нәтижелер көрсеткіші	саны
1	Педагогтердің жалпы саны	
2	Педагогтердің жалпы санынан жоғары санаты бар педагогтер	
3	Педагогтердің жалпы санынан бірінші санаты бар педагогтер	
4	Педагогтердің жалпы санын екінші санаты бар педагогтар	
5	Педагогтердің жалпы санынан педагог модератор санаты бар педагогтар	
6	Педагогтердің жалпы санынан педагог сарапшы санаты бар педагогтар	
7	Педагогтердің жалпы санынан педагог зерттеуші санаты бар педагогтар	

8	Педагогтердің жалпы санынан санаты жоқ педагогтер саны	
---	--	--

2025жыл

р/с	Нәтижелер көрсеткіші	саны
1	Педагогтердің жалпы саны	
2	Педагогтердің жалпы санынан жоғары санаты бар педагогтер	
3	Педагогтердің жалпы санынан бірінші санаты бар педагогтер	
4	Педагогтердің жалпы санын екінші санаты бар педагогтар	
5	Педагогтердің жалпы санынан педагог модератор санаты бар педагогтар	
6	Педагогтердің жалпы санынан педагог сарапшы санаты бар педагогтар	
7	Педагогтердің жалпы санынан педагог зерттеуші санаты бар педагогтар	
8	Педагогтердің жалпы санынан санаты жоқ педагогтер саны	

**5. Бағдарламаның негізгі бағыттары,
қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар**

5.1. Білім беру жұмысы

Мақсат: аймақтың индустриалды – инновациялық даму міндеттерін, еңбек нарығы талаптарын қанағаттандыратын , баланын жеке тұлғалық дамуы мен оның қалыптасу проблемаларын шешуге шығармашылықпен келетін жоғары дәрежелі жаңа тұрпатты тәрбиешімен қамтамасыз ету.

Міндет 1 :

- Балабақшаның жұмыс стратегиясын жоспарлау;
- Ұлттық және халықаралық ұйымдардың маман даярлау сапасы өлшемдері талаптарын сараптау және осы өлшемдерді қанағаттандыратын шаралар жасау;
- Жұмыс оқу жоспарлары мен білім беру қызметін оқу-әдістемелік жақтан қамтамасыз етуді жетілдіру
- Оқу үрдісіне инновациялық технологияны оқытудың интерактивті әдістерін енгізу және тәрбиеленушілердің өзіндік жұмысының ролін күшейту.

Міндет 2:

- Педагог мамандардың оқу жоспарларына енгізілген үзіліссіз психологиялық-педагогикалық практика «өзін-өзі тануға» мүмкіндік береді.

Міндет 3.

-Осы міндетке байланысты балабақша басшылығы келесі іс-шараларды жүзеге асырады. Балабақшада білім беру сапасын бақылау жүйесі тікелей меңгерушіге бағынатын сапа орталығына жинақталады.

Бұл Орталық балабақшадағы білім беру сапасын бағалау, ішкі рейтинг стратегиясын жасауды жалғастырады, ішкі рейтинг мәліметтерін дайындайды.

5.2. Тәрбиешілермен тәрбие жұмысын жүргізу

Мақсат – қалыптасқан жағдайда кәсіби және азаматтық қызметке белсенді шығармашылықпен келуге қабілетті, Қазақстан Республикасының патриоттары мен жан-жақты мәдениетті және көп тіл білетін жаңа мамандарын мақсатты түрде қабылдау.

Міндет 1. Азаматтық көзқарасты қалыптастыруға жағдай жасау. Балабақшаның дәстүрлерін қолдану және оқу қызметтерінің тәрбиелік әлеуетін көтеру. Іс-әрекеттің жағымсыз түрлерін болдырмау іс-шараларын жасау.

Міндет 2. Салауатты өмір салтын сақтауға жағдай жасау және олардың бойында денешынықтыру қажет деген көзқарасты қалыптастыру.

5.3. Кадрлар біліктілігін көтеру

Мақсат – педагог кадрлар кәсібінің беделін көтеру.

Міндет 1. 2025 жылға дейінгі қызметкерлердің біліктілікті жетілдіру ұзақ мерзімді жоспары жасалған, соған байланысты тәрбиешілерде тең түрде дайындық жүргізіледі.

Міндет 2. Материалдық және моралдық ынталандыру жүйесінің рейтингін анықтауды дамыту арқылы жетілдіру.

5.4. Қаржы жұмысы

Мақсат – қаржы көздерін тиімді пайдалану тетігін жетілдіру арқылы бөбекжайдың негізгі жұмысының пайдалылығы мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Міндет 1. Қаржыландырудың бюджеттік және бюджеттік емес (бақпадан өнім алу тұстарын арттыру) көздерін тиімді пайдалану және кеңейту.

Міндет 2. Білім беру қызметі түрлерін кеңейту, оларды орындауға кететін қаржыны оңтайлау.

5.5. Материалдық –техникалық база

Мақсат- балабақшаның міндетіне сәйкес материалдық техникалық база мен негізгі қорды үнемі дамытып отыру;

Міндет 1. Балалардың тәрбиеленуіне байланысты жағдай жасау.

Міндет 2. Қызметкерлердің дене шынықтыру және спортпен айналысуына жағдай жасау.

5.6. Әрекеттер жоспары: (істелінетін жұмыстар бойынша мәселелер көрсетілуі)

2020-2021 жылдар:

1. Балабақша ішін көркемдеу, ұлттық бұрышты жасақтау;
2. Топтарға экологиялық-профилактикалық орталық ұйымдастыру
3. Аттестациядан жоспар бойынша педагогтардың санаттарын көтеру;
4. Балабақша ауласын абаттандыру;
5. «Сенсорика әлеміне саяхат» Сенсорикаға арналған бөлмені жабдықтау;

2021-2022 жылдар:

1. Топтарға арналған беседкалардың алдына түрлі ертегілер кейіпкерлерін жасау, беседкаларды сырлап, жөндеу;
2. Балабақшаға күрделі жұмыс жүргізу;
3. Балалар кітапханасы (Ы. Алтынсаринның 180 жылдығына орай балалар жазушулуарының шығармашылықтарын жинақтау, кітапхана бөлмесін ашу!)
4. Аттестациядан жоспар бойынша педагогтардың санаттарын көтеру;
5. Интерактивті тақтамен (проектор) қамтамасыз ету;

2022-2023 жылдар:

1. Эксперименттік топтар ашу;
2. Беседкаларға күн түспейтіндей етіп тал- тарақтар егу;
3. АРТ технологияның барлық саласына материалдар жинақтау;
4. Денсаулық түзету жұмыстарын жасау;

2023-2024 жылдар:

1. Бақша егетін жердің жанына жеміс ағаштарын егу;
2. Аттестациядан жоспар бойынша педагогтардың санаттарын көтеру;
3. Жаңа инновациялық технология енгізу;
4. «Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе мектебі» және «Жас тәрбиеші мектебінің» жұмысын ұйымдастыру;
5. Облыс, Республика көлемінде іс-тәжірибе тарату

2024-2025 жылдар:

1. Балаларға ақылы шығармашылық үйірмелер ашу;
2. Жетім балаларды ақылы үйірмелердің ақшасы арқылы төлемақыдан босату;
3. Балабақшаның сыртқы қоршауын гүлдендіру;
4. Балабақшаны гүлдендіру іс-шараларын жүргізу;
5. Педагогтардың авторлық бағдарламалары мен жинақтарын біріктіріп, кітап шығарып іс-тәжірибе тарату;